

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 30 қыркүйек N 42. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі...*

Төраға

Қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 42 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 921 тіркелген, 2001 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік актілер жинағында жарияланған, ІҮ-том)...

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті реттеу және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 11) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - "Ұлттық комиссиясы" деп аталады) Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 06 тамызда 562 V980562_ нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына өзгеріс енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "50.000 айлық есепті көрсеткіш" деген сөздер "60.000 айлық есепті көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға арналған қажетті резервтік және сақтандыру капиталының ең төменгі деңгейі жарияланған жарғылық капиталдың 30 және 20 пайызы мөлшерінде белгіленсін."

3) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ы 2000 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде өз, резервтік және сақтандыру капиталдарының мөлшерін осы Қаулыға сәйкес келтірсін."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

4. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері